

ЗЕЙНЕТАҚЫ МЕН ЖӘРДЕМАҚЫ ТӨЛЕУДІ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 1994 жылғы 6 қантар N 34. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.09.19. N 1149 қаулысымен.

Зейнетақы мен жәрдемақының уақтылы төленуін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының шығындарын азайту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қалалық және ауылдық жерлерде жұмыс істемейтін зейнеткерлерге, сондай-ақ жұмыс істеп жатқан зейнеткерлер мен жәрдемақы алушыларға қалауына қарай зейнетақы мен жәрдемақыларын жеткізіп беруді Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігінің органдары арқылы, Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі кәсіпорындары мен Халықтық банк мекемелері жүргізетін болып белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚРМК 1994 ж.

25 мамыр, N 560 қаулысына сәйкес.

2. 1996 жылғы 1 маусымнан бастап зейнетақы мен жәрдемақыны жеткізу мен төлеу бойынша көрсетілетін қызметтің бірынғай тарифі төленген зейнетақы мен жәрдемақының жалпы сомасының 1,8 проценті, мөлшірінде белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетіне Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің жаңындағы Республикалық мемлекеттік пошта байланысы кәсіпорынмен және Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп зейнетақы мен жәрдемақыны жеткізу және төлеу бойынша көрсетілетін қызмет төлемінің мөлшерін реттеп отыру құқығы берілсін.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚРУ-нің 1996.06.06.

N 714 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігімен байланыс орындарының зейнетақы мен жәрдемақыны уақтылы жеткізіп тұрмағандығы үшін қаржылық жауапкершілігін көздейтін шарттық қатынастар орнататын болсын.

4. Байланыс министрлігі, Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісе отырып бір ай мерзімде зейнетақы мен жәрдемақы төлеу жөніндегі нұсқаулықты әзірлеп, бекітетін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі халыққа зейнетақы мен жәрдемақының уақтылы төленуі мен жеткізілуіне қатаң бақылау орнататын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК